

ОТАН ТАРИХЫ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

**ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА
В ПОТОКЕ ИСТОРИИ
IN THE STREAM OF HISTORY**

ӘОЖ 323.3(09)

Ә. Дәулетхан¹

¹Ежелгі және орта ғасырдағы Қазақстан мен іргелес елдер тарихы бөлімінің жетекші ғылыми қызметкері, т.ғ.ғ.к

**БАТЫС ТҮРІК ЖӘНЕ ТҮРКЕШ ҚАҒАНАТЫ ТҰСЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК ЛАУАЗЫМДАР МЕН ШЕНДЕР**

Аннотация

Мақала осыған дейінгі зерттеушілер назарына аса іліге қоймаған Батыс түрік және Түркеш қағанаттары тұсындағы мемлекеттік лауазымдар мен шендердің пайда болу, қалыптасу жағдайы және олардың этимологиясы жөніндегі ізденістерге арналған. Аталмыш лауазымдар мен шендердің мағынасы жалпы түркілік әрі қазақтық мемлекеттік дәстүр жалғастығын көрсетеді.

Түйін сөздер: Шан үй – Тәнікүт, қаған, хан, Шад, тегін, түтүк, тархан, Шор, Еркін, Елтебер, Дало бян, қыран-сайыпқыран, Ел қаған, Бөрі қаған, Ышбара, өжелі, сұлу, т.б.

Бұл тақырыпты зерттеп-зерделеу үшін қалай болғанда да сөзді түріктер құрған үлкенді-кішілі қағанаттар мен хандықтар арасындағы дәстүр жалғастығынан бастамай тұра алмаймыз. Хұндар мен көктүріктердің ұлттық-мемлекеттік құрылымын жан-жақтылы зерттеген Л.Н. Гумилев нақтылап айтқандай «Түріктердің қоғамдық тұрмысы мен әлеуметтік институттарының маңызы зор: ел, еншілік-тәспихтық жүйе, шендер иерерхиясы, әскери тәртіп, елшілік үрдісі сол сияқты көршілердің идеологиялық жүйелеріне қарама-қарсы қоя алатын мұқият өзірленген дүниетанымдарының болғаны таң қалдырмай қоймайды» [1, 13-б.].

Біз тарихшы Л.Н. Гумилевты таң қалдырған түріктердің әлеуметтік институттарының мемлекеттік құрылымдарындағы шендер-лауазымдар иерерхияларының пайда болу, қалыптасу барысындағы дәстүр жалғастығынан бастамақшымыз.

Тұтастай алып қарағанда Шығыс түрік қағандығы мен Батыс түрік қағандығының мемлекеттік басқару жүйесі негізінен ұқсас болған еді. Қағандықтың ең жоғарғы билеушісі қаған деп аталды. Ол бүкіл елдің иесі, елдегі барлық қарулы күштердің ең жоғарғы қолбасшысы болды. Қағандықты басқаратын әр дәрежелі лауазымдардан ябғу, тегін, шад, еркін, тархан, бек, бұйрық, чор, елтебер, түтүк деп, ал Орданы басқаратын адам «үй қағаны» деп аталды. Түрік қағанаттарын Ашина тайпасынан шыққан ақсүйектер биледі. Қағаннан кейін ябғу, тегін, шад лауазымдарына қағанның балалары мен туыстары ғана ие болды. Олар қағандыққа қарасты тайпаларды биледі әрі өздеріне бөліп берілген әскери құрамаларға қолбасшылық жасады.

Түрік мемлекеттеріндегі мұрагерлік мәселесі тарихтың түрлі кезеңдеріндегі саяси, әскери және дипломатиялық қарым-қатынастардың өзгермелі жағдайына байланысты өзгеріп отырғанын көреміз.

Мәселен: Мете қаған құрған ұлы империяда қалыптасқан дәстүр бойынша қаған тағы тек әкеден балаға мұра болып қалушы еді. Тарихи жазба деректердің айғақтауынша Мете қағаннан кейінгі 8 қаған тек әке-бала арасындағы мұрагерлік жолымен таққа отырған болса, бұл дәстүр бұзылып басқа адамдар қаған тағына таласқан тұста мемлекет аласапырандыққа ұшырап, әлденеше хандықтар пайда болып жатты. Хұндардың ұрпақтарына жатататын көктүріктер құрған қағандықтар тұсын да дабилік атадан-балаға мұрагерлік жолымен ауысып отырғаны белгілі. Алайда Батыс түрік қағандығының соңғы кезеңдерінде және түркеш қағандығы тұсында мұрагерлік атадан-балаға жалғасу дәстүрі жалғаса бермеді. Былайша айтқанда ағадан – ініге, тіпті аса ықпалды ру-тайпадан шыққан чорлар мен еркіндер де елтеберлер мен түтүктер де өздерін қаған деп жариялауға дейін барып жатты. Билік үшін таластар ішкі алауыздықтар мен қанды қырғындарға ұласып мемлекет ойран болғанына тарихи жазбалар қуәлік береді.

Қытай жазба деректерінде ұлы Хүн державасын құрған Мете қаған (Мо ду Шаниүй) елін төрт қанатқа бөліп басқарған. Мемлекеттің Ортаңғы бөлігін өзі басқарса, өз ұлдарынан тағайындалған сол Білге хандар елдің Шығыс бөлігін (ұлы Өкияңға дейін) басқарса, Хүн территориясының батысын басқаратын Оң қол Білге хандар да қаған ұлдары болатын. Ал, шалғай Батыстағы бағындырылған елдерді Батыс хан деген ерекше мәртебеге ие хандар басқарған.

Жалпы алғанда Хүн державасын 24 дәрежелі мансаптылар басқарып ұлы қағанға тікелей бағынышты болған. Олар шамамен сол қол Білге қаған, оң қол Білге хан, ябғу (бас уәзір), сол қол құтығу, оң қол құтығу, сол қол хан, оң қол хан, сол қол үлүғ санғұн (генерал), оң қол ұлы санғұн, сол қол ұлық түтүк бек, оң қол ұлук түтүк бек, сол қол ұлук қазына бек, оң қол ұлук қазына бек, батыс хан, түмен басы, мың басы, жүз басы, он басы т.б. деп аталған. Ал, түрік қағанаттары тұсында тағайындалған әр дәрежелі лауазымдардың атауларында кейбір өзешеліктер болғанымен күкүктык, һәм билік аясында үлкен өзгеріс болмағанын байқауға болады.

Қытайдың «Жоунама Түріктер жөніндегі баянында» «Қаған ежелгі хұндардағы Тәңіркүт – Шаниүймен тең дәрежелес еді» деп жазылған болатын.

Тарихшы Лин Ганның анықтамасында «Қаған деген атты түріктер ойлап тапқан емес, ол б.ж.с бойынша IV ғасырдың соңы мен V ғасырдың басында тарих сахынасына көтерілген жүржандарда болған. «Вейнаманың 103 орамында (Жүржандар жөніндегі баян «Сәллан өзін Чудба қаған деп жариялады. Қаған дегендік вейліктердің тілінде падишах дегенді білдіреді» деп жазылған. Осы мазмұнды толықтыра түсетін деректе «...Жүржандардың билеушісі Сәллан өзін қаған деп жариялаған еді, енді түріктер де осы атауға мұрагерлік етті», – деп жазғанына қарап қаған атауының тарихынан хабар табамыз.

Көктүріктердің билік жүйесі хұндардың елді төрт аумаққа бөліп басқаруын өзгертіп үшке бөліп басқарғаны белгілі. Қағанның балалары мен інілері «тегін» деп аталды, бірақ кей жағдайларда қағанның жиендері де тегін деп аталғанын (Иоллық тегін), басқа тайпалардың әскер басыларын «шад» деп аталса да шадтың балалары да тегін деп аталатын жағдайлар да болып тұрған.

Лин Ган деген атауды ойлап тапқан да түріктер емес дегенді Қытайдың «Лояң ғибадатханасы естеліктерінің 5-орамына сілтеме жасап V ғасырдың соңына ала эфталиттердің арасында да тегін деген лауазым атауы болған» деп жазады.

Толық шад және тардуш шад лауазымдарын түрік қағанаттары тұсында жиі қолданғанымен оның билігі мен орналасу жағдайының өзгеріп тұрғаны есте болуы керек екенін де білу керек.

Тарихшы Ма Шаңшоудың талдауларына негізделген Лин Ганның «Моңғолиядан табылған түрік жазбаларындағы мәңгі тастарға кіріспесінде» Шадтан екеуі бар, бірі империяның Шығыс жағында тұрып Tolis (Толшад) деп аталады. Тағы бірі Батыс өңірде тұрып Тардуш деп аталады.

...Түрік хандығы Шығыс, Батыс деп екі районға бөлінген, шығыстағысы Толшад районы, батыстағысы Тардуш районы деп аталады. Әр қайсысына бірден шад тағайындап билігін жүргізеді» [2, 92, 100-б.], – деп жазады.

Есте боларлық бір нәрсе Түрік қанаттары тұсындағы билік пен лауазым аттарының өзгеріп тұратындығы еді. Мәселен: қағанаттың батыс аймағын билейтін мансаптыларды жабғу (ябғу) деп атайтын. Оның себебі батыс түріктердің билеушісі Естемидің атасы үлұғ жабғу деп аталған. Сондықтан Естемиді Бахадур ябғу деп атаса, одан кейінгі билеушілерін бөріне дерлік ябғу қаған деген қосар атпен атайтын болған. Мәселен: Тонябғу қаған, Езябғу қаған, Шпараябғу қаған т.б.

Жазба деректердің куәландыруынша Шығыс түрік қағанатында «Толшад» лауазымы жиі қолданылса, батыс түрік аумағында «ябғу» үздіксіз қолданылған көрінеді.

Сондай-ақ қағандыққа ябғудың мұрагерлік құқы басымдыққа ие болған. Бұл жөнінен алғанда Хүн дәуіріндегі Тәңірқұттың тақ мұрагері ретінде заңдастырылған сол қол Білге хандық дәрежеге ұқсап кететіндігі байқалады.

Түріктің «Шад» деп аталған сөзін қытай жазбалары sha түрінде таңбалаған. «Шад» жергілікті мансапты болса да билігі едәуір жоғары болып бір өңірге билік жүргізуші еді. Бұл жөнінде зерттеу жүргізген қытай тарихшысы Лин Ган Қапаған қаған көне қағида бойынша қаған ордасынан басқа қарамағындағы аумақты сол жақ (шығыс бөлік) және оң жақ (батыс бөлікке) бөліп екеуіне екі Шад тағайындады да әр қайсысына 20 мыңнан әскер беріп қарамағындағы өңірді қорғауға міндеттеді. Қапаған қаған өзінің ұлы Бөгуді кіші қаған етіп тағайындады, оның орны екі Шадтан жоғары болды. Демек Шадтың билігі қанша зор болғанмен кіші қағаннан төмен тұратыны белгілі еді» [2].

Есте болар тағы бір нәрсе «Тегін» мен «Шадтың» құқықтық ара қатынасына байланысты болмақ. Шад әскерді басқаратын мансапты болса, тегін тек қаған балалары мен інілеріне берілетін құрметті атақ болғандықтан оларды билік орнына тағайындағанға дейін нақтылы билік жүргізу құқы жоқ болатын. Оның бір мысалы ретінде Күлтегінің Қапаған қағанның ұлы Бөгуді өлтіріп, оның ағасы Білге қағанды қаған қылғаннан кейін өзі Сол қол Білге хан болып әскери үкүқты өткізіп алды. Демек, оған дейін Күлтегіде әскерді басқару құқы болмағандығын көруге болады. Көктүріктер қағандығы тарихында бұл жағдайдың әр қағанның билік жүргізу қажеттілігі тұрғысынан әрқалай өзгеріп отырғаны да шындық.

Тарихшы Н. Мыңжанның Батыс түрік қағандығындағы билік баспалдақтары туралы зерттеулерінде қағаннан бастап төменгі ру-тайпа басшылары бектерге дейін 28 дәрежелі лауазым иелері болғанын, бұларда билік атадан – балаға мұрагерлік жолымен ауысып отырды. «Таң патшалығының ескі тарихы. Түрік шежіресінде – Батыс түрік қағандығының халқы Дулы (Дулат), Нүшбе, Қарлық, Чөре, Шымыр, Үбір тағы басқалар. Олардың ғұрып- әдеттері түріктерге ұқсас, тек тілдерінде ғана азғана айырмашылық бар, оларды билейтін ябғу, тегіндер әдетте түрік қағанның балалары, яки туыстары... Бұл лауазымдардың барлығы атадан – балаға мұра болып қалып отырады», - деп жазады.

Батыс түрік қағанатына қарасты ру-тайпалар өз ішінен екі қанатқа бөлінгеннен бастап билік жүйесінде де үлкен өзгерістер болды. «Таң патшалығы тарихы, Түрік

шежіресінде» ол туралы былай жазылған: ...Шбара Хилаш қаған тұсында жасалған реформа нәтижесінде екіге бөлінгенде бес тайпалы Дулат сол қанат, ал бес тайпалы Нұшбе оң қанат деп атала бастады. Бұл иеліктердің шекарасы Шу өзені болды. ...Сол қанат тайпаларының билеушілері «Чор» деп аталды да, оң қанат (оң шадыпыт) тайпаларының билеушілері «Еркін» деп аталды. ... Бұл тайпалардың аттары артынан олардың бастықтарының аты, одан кейін бұл бастықтың лауазымы тіркеліп жазылған. Мысалы: «Түркеш алаш – чор» деген тіркестегі «Түркеш» тайпаның аты, «алаш» осы тайпаны билеуші адамның аты, ал «чор» осы адамның лауазымы (мәнсабы) «Азғыр-Нижүк-еркін» деген тіркестегі «Азғыр» тайпаның аты, «Нижүк» тайпа билеушісінің аты, ал, «еркін» сол адамның лауазымы» [3. 165, 164, 171-172-бб.].

Жоғарыда сөз болған лауазымдар тегіл, ябғу, шад, чор, еркіндерден басқа тудүн, апа, елтебер, тархан, яғұнда қатарлы он неше лауазым иелері болды. Бұлардан тудүн (түтүк) лауазымдар бағындырылған жат елдерді билеп-төстеуге жіберілген ерекше үкүкқа не мансапты болды. Мәселен: шібилерді «түріктер ылғи да үш түтүкты жіберіп басқаратын еді» деген сияқты жазба деректер жиі кездеседі.

Батыс түрік қағанатындағы лауазымдылар қатарында аталатын елтебер, яғұнда дәрежелі мансаптылар өкіметтің саясат белгілеу, әкімшілік істерді жөнге салу қатарлы бас қосуларға қатысып отыратын болған. Атап айтқанда, елтебер, яғұнда дәрежелі мансаптылар барлық уақытта мемлекеттік істер кеңесіне қатынасады, басқалары Шығыс түріктердікіне ұқсап кетеді» [4] делінген.

Осы арада, түріктердің мәнсап лауазымдары жөнінде жазылған қытайдың «Жоунама», «Сүйнама, солтүстік династиялар тарихы», «Билік ғибратнамасы», «Көне таңнама», «Жаңа таңнамалар мен «Кітаптар жауһары» қатарлы Орда жазбаларында онша анық түсініктемелер беріле қоймағанын, тек «Билік ғибратнамасының» 197-орамындағы жазбалардан біршама анық мағлұмат алуға болатынын ескеріп оған арнайы орын беруді жөн көрдік.

Түрік халықтарының әр дәуірдегі мемлекеттік лауазымдары мен әскери шендер баспадағының шығу тегі, мән-мағынасы жөнінде мыналарды баса айтқымыз келеді. Әлемдік соғыс өнері тарихында ұлы жаңалықтар ашып, ұлы қағанаттар құра алған баба түріктер тапқырлаған әскери құрылымның ондық, жүздік, мыңдық, түмендік жүйесіне лайықты әскери атақ, шендік дәрежелер атауын да ойлап тапқаны анық. Бірақ көп жағдайда ол ат-атаулардың этимологиясы мен қоғамдағы орны жөнінде білеріміз шамалы.

Осы күңгірт, көмескілікке сәуле түсіру жолындағы ізденістерімізді саралай келе бірқанша болжамдар мен түйінді пікірлерімізді ортаға шығаруды жөн көрдік.

1. Сонау Хүн-үйсін, Қаңлы-кидан мемлекеттері тұсында қолданыста болған лауазымдар мен әскери шен атауларынан басталатын ат-атаулар тарихын қарастыра келе үзілмеген дәстүр жалғастығы болғанын назарда ұстау керек екендігі. Оған нақты дәлел ретінде М. Қашқаридың әйгілі «Түрік сөздігіндегі» Афрасиябқа қатысты берген анықтамасын ұсынамыз.

«Тоң-тоңа жолбарыс текті бір аң, ол пілден күшті... Бұл сөз түріктерде әуелгі мағынасы өзгерген күйде қолданылады. Бұл сөз көбінесе адамдарға лақап ат орнында айтылады. Тоңа хан, Тоңа тегін, түріктердің ұлы ханы Афрасиябты Тоңа алп дейді. Жолбарыс секілді күшті, батыр адам дегендегісі. Шад – батыл жүректі, жүректілік дегенді білдіреді. Ал, «тегіл» лауазымы әу баста «құл» мәнінде қолданылған, кейін хақан балаларының лақабы болып кеткен» [5, 379, 474, 493-бб.].

Кешегі құлдың хақан ұлдарына лақап ат болып кетуінің де өзіндік тарихы бары күмәнсіз. Түріктердің аварларға темірші құлы болып жүрген дәуірден қалған

қаря сөз болар деп те болжал айтуға болады. Ал, тоң-тоңа лақабына басталған алп арыслан, бұғырларды лақап ат ретінде қолданған. Көк түріктер мен ұйғыр- түркеш-қарлұқ-қарахан қағанаттары, тіпті Селжұқ Осман түріктері тұсында да жаппай қолданыста болғанына тарих куә.

2. Есте жоқ ескі замандардан басталған лақап ат қолданудың көк түріктер құрған екі қағанат тұсында қандай мағынада, қалай түрленіп, қалай жалпыласқаны жөніндегі қытай тарихшысы Линганның «Ту жуе шы» (Түрік тарихы) келтірген тарихи жазба деректің мән-маңызы ерекше деп қараймыз.

«Бумын өзін Ел қаған деп атады. Ол ертедегі хұндардың шаниүйі (тәңірқұт, ойсеңгір) дегенімен дәрежелес болды. Ал әйелінің құрметті аты хатун делінді. Ол да хұндардың алшы-бәйбіше (ян жы) дегенімен дәрежелес еді. Ұлдары мен інілері тегін деп аталды. Басқа тайпалардың әскеріне қолбасшылық жасаушыларды шад деп атады.

Мұнан кейінгі билік мансаптылар чорук чор, одан кейінгісі апа, Елтебер, одан кейінгісі түтүк (туду), одан кейінгісі еркіндеп аталатын. Алғашқы кезде түріктердегі мемлекеттік мансаптылардың саны шамамен оншақты болатын. Олардың кейбіреулері дене бітіміне, жас-кәрісіне, түр-түсіне қарай, шаш-сақалына қарай, ал кейбірі арақ-шарап, ет мәзіріне қарай және жыртқыш хайуанаттардың атымен аталушы еді. Олардың қайтпас батыр тұлғаларын Ышпара немесе Бабадүр-батыр деп әспеттей атайтын. Семіз төртбақтарды сан дало, далобян даруға дегені шарап құмырасы дегені, ондай адамның бойы аласа, жуан тұғырлау болып келеді, бұлар ежелден бері өте сыйлы атақ болғандықтан, ол тек олардың ұлдары мен інілеріне ғана берілетін болған. Олар жасамыштарын гели (меніңше ол кәрі, қария, егде, ақсақал деген мағынаны білдірсе керек – *Ә.Д.*) деген лауазыммен аталған бұрыннан гели да гуан (*tarqan*) деген шен болған Ал, әскер ұстап қол бастағандарды хелеан (қыран, сайыпқыран) деп атаған, бұрыннан хелан сунй сайыпқыран әскербасы, чор әскербасы – *Ә.Д.*) деген құрметті шен бар еді. Қара түстілерді қара чор деп атайтын. Ал, осы қара чорлардың шені өте жоғары еді әрі жас мөлшері де үлкендеу болушы еді. Сақал-шашына қарай сөге сақал дегеннен сақалды түтүк дейтін әскери лақап шен пайда болған. Ондайлар көбінше аймақтарды билейтін мансаптылар болатын. Арақты бекіни дейтін, осыдын бекіни раха деген мансап аты пайда болған. Рахалар заңсыздықтармен күресіп қоғамдық тәртіпті сақтауға жауапты болды. Етті ет дейтін, сөйтіп «ет жөні» деген мансап та болған. Ол да мемлекеттік істерді басқаратын мансапты есептелген. Бөрі қаған деген де мансап тағайындалушы еді. Бөрі – жыртқыш қасқырдың аты, ол тәңірі шадтың лақабынан пайда болса керек. Қағаннан кейінгі жабғу және олардың отбасындағы үрім-бұтағының бөрі қағанның мұрагерлері деп қаралатын. Түріктерде тек мұрагерлер ғана қаған тағына отыра алатын» [6, 55-56-бб.].

Жоғарыда молынан келтірген сілтемеден өзімізге қажетті бірқанша жауаптар табуға болады.

1. Алғашқы Түрік қағанатының негізін қалаушы Буміннің Ел қаған атауында күні бүгінге дейін әр ел тарихшылары мен түркологтары әрқалай талдап түсіндіргісі келсе де бірлікке келе алмаған түйіндердің шешімі түр деп қараймыз. Өйткені, Орталық Азия халықтары қоғамында еурословяндық «State», «Res Publica» «Государства, арабтардың «мамлакет», парсылардың «давлати» термині қолданысқа кіре бастағанға дейін түріктердің саяси өмірінде «ел», «ұлыс» атауы қытайдың «го - славяндардың «государство»- сы сияқты мемлекет деген ұғымды білдіріп келген болатын. Оның нақты дәлелі ретінде Күлтегін (үлкен) жазуындағы «Елім бар халық едім, елім енді қайда? Қағаны бар халық едім, қағаным енді қайда?» дейтін жалынды сөзін келтіруге болады. Мұнда ел – мемлекет, қаған оның

жоғарғы заңды билеушісі ретінде қолданылып тұр. Сондықтан да болар Л.Н. Гумилев «Ел» атауын латынша «imperium», орысша «держава» атауымен тепе-тең мағынада қолданса, М. Қашқари «Түрік сөздігінде» «il» (ел) сөзін «мемлекет» деп аударыпты.

Осыған дейін айтылғандарды қорығтар болсақ V-VI ғасырларда түрік қоғамы қандастыққа негізделген қауымдық құрылымнан аумақтық басқару жүйесіне негізделген мемлекеттік жүйеге көшу барысы аяқталып, мұрагерлікпен сайланатын хандық жүйеге көшіп, төтенше билік жүйесі орныға бастағанын айтуға болады. Онда да төңірінің ықыласына бөленген күш иесі ғана хан сайланатын еді.

Қаған бас билеуші ретінде мынадай міндеттерді атқаруға тиісті болды:

– Мемлекетке қарасты барлық жер-судың иесі болғандықтан елін сырт жаулардан қорғауға міндетті еді.

– Қарулы күштердің бас қолбасшысы болғандықтан соғыс жариялау, бейбітшілік орнату да оның міндеті болатын.

– Жоғарғы сот міндеті де оның құзырында болғандықтан баршаға бірдей орындауға міндетті заң, жарлық шығарып, қоғамдық тәртіпті реттеуге міндетті болды.

Мемлекеттің қағаннан кейінгі басшылары жабу, шад, тегін, бұйрық, елтебер, еркін, түтүк, тархан қатарлы әр дәрежелі (28 дәрежелі) мансаптылар басқаратын алып елді қағанат – держава демей не дейміз?

Түріктер құрған үлкенді-кішілі мемлекеттік құрылымдардағы лауазым – шендік дәрежелердің этимологиясы мен шығу тарихын жете білмеген әр ел тарихшылары түрліше болжалдар айтысып жұртты шатастырып келуінің себебі, біріншіден түріктер құрған хандықтар мен қағанаттардың дәстүр жалғастығын сонау хун-үйсін, қаңлы заманынан, түркеш, қарлұқ-қарахан мемлекеттеріне дейін қолданылып келген лауазымдар мен әскери шен-дәреже атауларының негізінен бір-біріне аздаған өзгерістермен ғана қолданыста болып келгенін мойындағысы немесе түсінбегендігінен деуге болады. Түріктерді жақсы біледі делінген қытай орда бітікшелерінің өзі негізінен әскери рапорттармен саудагерлер және саяхатшы атын жамылған тыңшылардың айтуы бойынша қағазға түсіріп ру-тайпа, тіпті жер-су аттарын, мансап лауазым атауларымен шатастырып тарихшыларды да шатастырған жағдайларға жиі тап боламыз.

Екіншіден қалыптасқан дәстүр бойынша қағаннан бастап әр дәрежелі мемлекеттік лауазым иелері мен әскери шен иелерінің аттары, шен-дәрежелері олардың жастық шағынан бастап атқарған қызметтеріне, билеген аумағының үлкейіп-кішірейуіне, орнының ауысып отырғанына қарай бұрынғы ат-атақтары түсіп қалмай, жаңасына қосыла тіркеліп айтыла, жазыла беретін еді.

Мәселен, өз аты белгісіз болса да таққа отырғанда *ixbara tiriix izvagan* деген лауазымға ие болды. Мұндағы *xbara* – айбынды, *tiriix* – біріктіру, ынтымақтастырушы қаған деген ежелгі түрік сөзі еді. Оның қаған болғанға дейінгі аты-жөні, лауазым-шендері өз алдына бөлек нәрсе. Түріктерде жиі қолданылатын арслан, бұғра т.б адам аты емес, қағандық дәреже – лауазым болатын.

Түркеш қағанатының мемлекеттік құрылымы мен билік жүйесіне тән лауазымдар және шен баспалдақтары қандай болған?

Түркеш қағанаты (692-766) Батыс түрік қағанаты ыдырағаннан кейін, соның аумағында құрылған мемлекет болғандықтан, ол мемлекетті құрысқан этникалық топтар мен аумақтық шектерінде үлкен өзгеріс бола қойған жоқ. Қағандықтың негізгі тұрғындары бұрынғыша «он оқ халқы» деп аталса да мемлекеті қытай жазба деректерінде «Түркеш қағандығы» - Ту ши шы хан го деп, ал ел билеушісі (ке хан) қаған деп хатталды. Ал, Орхон тас жазбаларында «он оқ бұдүн», «Түркім, өз

халқымнан еді» деп жазылғанын білеміз. Олай болса, ғасырға жуық өмір сүрген түркеш қағандығы өзінен бұрынғы түрік қағанаттарынан нелерді мұра ретінде қабылдады және өз тарапынан қандай жаңалықтар енгізді. Ол ат-атаулардың пайда болуымен этимологиясы жөнінде тоқталып өтудің қажеттілігі бар.

Түркеш қағанатының қоғамдық құрылымы мен билік жүйесі жөнінде арнайы зерттеу жүріле қоймаса да, Шығыс түрік қағанаты мен Батыс түрік қағанаты аясында жалпылама «рулық-тайпалық мемлекет», «күл иеленуші мемлекет», «патриархалды феодалдық-әскери мемлекет» ретінде қарастырылып келді. Л.Н. Гумилев қана «әскери демократия үстемдігіндегі феодалдық құрылым» ретінде айшықтады.

Түріктердің ең жоғарғы билеушісі Батыс түрік қағанаты кезіндегідей елдегі барлық қарулы күштердің бас қолбасы, ел мен жердің иесі ретінде мойындалды. Қағандықты қағаннан кейінгі билік басқыштары бойынша ең төменгі қызметтерге дейін әскери шенді адамдар басқарып отырды.

Қағандық негізінен бұрынғыша әкеден – балаға немесе ағадан ініге мұрагерлік жолымен басқарылды. Алайда сол тұстағы өзгермелі жағдайларға байланысты мұрагерлік тәртібі бұзылып, жаңаша басқару жүйесі қалыптасып отырғанын да атап отыруға тиіспіз.

Тарихшы Н. Мыңжанның зерттеулерінде: «Өжелі түркеш ұлыстарын біріктіріп басқару жүйесін қалыптастырады, өзіне қарасты елді әрқайсысында 7000 тұрғыны бар 20 әкімшілік аймаққа айырды. Бүкіл ел оң қанат және сол қанат болып екі үлкен ұлысқа бөлінеді», – деп сол заманда-ақ әкімшіліктің аймақтық құрылымы пайда болғанын айтады.

Тарихшы мұндай тұжырымға қытай жазба деректерінде кезігетін «...қол астына 20 уәли (Ду ду) ұстап, оларға жеті мыңнан әскер беріп, Суябтың батыс жағына шоғырландыра орналастырды», – деген сілтемеге негізделеді.

Осыларды назарда ұстай отырып, біз Түркеш қағанаты құрылған алғашқы кезеңде соғыс жағдайының талабына қарай «он оқ халқы» алғашқы әскери-әкімшілік құрылым бойынша басқарылған деген қорытындыға тоқтаймыз. Ал, Сақал қаған өзін «он төрт арыс елдің Алып Білге қағаны» деп жариялаған 708-жылдан былай қарай (тіпті 705 жылдан бастап) ел билеудің дәстүрлі түркілік үрдісін қалпына келтіру үшін қағанат аумағын үлкен-кіші хандыққа бөліп басқаруға кірісті.

Сонымен бірге бағынышты елдерді билеуге бақылаушы түтүктар тағайындау дәстүрін де қалпына келтірді.

Түтүктардың негізгі міндеті бағынышты елдердің аумағына бақылау орнату, міндетті алым-салықты дер кезінде жинап, ордаға жөнелту, ішкі тәртіпті сақтау, бүлік шыға қалса жаныштап, тыныштандыру, жергілік бектер мен ақсақалдармен сәйкесіп билікті нығайту болатын. Бақылаушы түтүктардың билігі әкеден – балаға мұрагерлік жолымен ауысатын.

Көктүрік қағанаты тұсында қалыптасқан дәстүр бойынша түтүктар Асана (Ашина) ханзадларынан тағайындалып келсе де Шбара Теріш қаған (634-636) жүргізген реформадан былай қарай «он оқ елін» құраған Бес Дулатты асана әулетінен шыққан Шад-Тегіндермен тең дәрежелі бес Шор, ал, бес Нұшбени бес Еркін билей алатын болған. Сондықтан да шорлар мен еркіндер бағынышты елдерді билейтін түтүктар болып заңдастырылды деуге болады. Ал, елтебер – Эи Ли фа) Уан хұң да деген лауазымды адамдар «мемлекет адамы» немесе мемлекеттік істерді талқылайтын үлкен құрылтайларға қатысып, шешуші дауысқа ие болды. Бұл жағынан Шығыс түрік қағанаттары тұсындағы ел билеу дәстүрінен өзгеше жаңалық еді.

Ал, Батыс түрік елінің билігі түркештердің қолына өткелі бері барлық жоғары лауазымдар тек шорлар мен еркіндер, тархандар мен тушылардың Ду можы еншісіне айналды. Жоғарыда атап өткеніміздей шорлар Бес Дулаттан шықса, Бес еркіндер нұшбелерден шығуы ресми заңдастырылғандықтан Сақал қаған тұсында бағынышты елдерге жіберілген түтұқтар өздері тән болған рулардың атымен мәселен, Шимойын Луи чор, Қойлау кулуч чор, түркеш Алаш чор немесе Касо Күл Еркін, Барысхан Тон Ашбар Еркін ұлысы деген сияқты аттармен аталатын болды.

Алайда Түркеш қағанаты тұсындағы мемлекеттік лауазымдар мен әскери шендер өсіресе қағанның мұрагерлік жосындары қатаң сақтала бермеді. Оның басты себебі ретінде атап өтеріміз ғасырлардан бері тұтас түркіні мұрагерлік жолмен билеп келген Асана өулеті тақтан шеттеліп, қасиетті тақ басқа бір өулеттің қолына заңсыз өтіп кеткендей жатырқаушылық орын алды. Отаршыл Таң патшалығы осы жағдайды пайдаланып, қытай ордасын паналап жүрген «Тәбғаш қағандар өулетін» түркеш тағына отырғызуды сылтауратып қалың әскермен аттандырып ішкі соғысты қолдан ушықтырып отырды. «Он оқ халқын» бір-біріне айдап салып қуыршақ қағандары арқылы өзіне бағындырғысы келді. Әлденеше ондаған жылдарға созылған осындай арандатулардың кесірінен күдіретті қағандық іштей қара және сары болып жауласу арқылы елдігінен, мемлекеттілігінен айрылды.

74 жылдық түркеш қағанатының тұсында пайда болған, сан өзгеріске ұшыраған мемлекеттік лауазымдар мен шен баспалдақтарын саралап шыққанда төмендегідей қат-қабат өзгерістерге куә боламыз.

1. Қағандық тақта отырған ел билеушілерінің аттары мен лауазымдары негізінен дәстүрлі түркілік сыйпатта болғанымен қытай орда бітікшілері өздерінің тілдік өрі орда әкімшілік лауазымдарына бейімдеп қағазға түсіргендіктен өу бастағы түріктік формасы да, мазмұны да өзгеріп кеткендігін ескеріп, байырғы атауларын қалпына келтіру керек деп есептедік. Қытай орда жазбаларында Түркеш қағандарының аттары қайсы, лауазымы қайсы екенін айыру көп жағдайда зерттеушілерді шатастырып келді. Бірер мысал келтіре кетейік.

Баға тархан – қытайша Мохо Даган деп аталған осы адам түркеш қағанатындағы аса жоғары лауазым иесі, былайша айтқанда уәзір – әскер басы дәрежелі болды. Қытай жазба деректерінде адам аты ретінде де қолданыла береді. Түркеш қағаны Өжеліні Баға тархан деп Сүлүк қаған тұсындағы әскер басы да Баға тархан болып қағазға түскен. Алайда Баға тархан ешқашан да адам аты болған емес.

Тағы бір мысал ретінде түркеш қағанатының шаңырағын көтерген Өжелі қағанға қатысты жазбаларды қарастырсақ, Өжелі 692-706 жылдар билік құрған Қытайлар оны У жыле (Лей) түрінде таңбалаған. Оны Л.Н. Гумилев «Мохо даган» деген құрметті атағы бар Үшжеле деп атаса, «Қазақстан тарихының» 1-томында (1996 ж) «Үш жилә-үшлік» деп жазды.

Ал, Н. Мыңжан «Қазақтың қысқаша тарихында», «түркештердің көсемі Өжелі (Өгелі) деп қазақшалады. Ал, ұйғыр ағайындар Шин жияң Халық баспасынан 1990 жылы басып шыққан «Хензуче – ұйғурче тарихи аталғұлар лұғыты» сөздігінде «Үжіл» деп жазыпты.

Жоғарыда мысал ретінде әр елдің өз тілінде жазылып жарияланған нұсқаларын мазмұны бойынша қарастырып немесе төркінін қуалай қарастырғымыз келсе де одан ешбір мән-мағына таба алмадық. Тарихшылар мен аудармашылар ешқандай анықтама-түсініктеме берместен жоғарыдағыдай сыңайда жаза салғанын көреміз. Осы арада болашақ тарихшылар мен түркологтардың ізденістеріне түрткі бола ма деген ниетпен ойымызды ортаға салғымыз келіп отыр.

Атаудың екінші иероглифі – жі, ақыл, парасат, ой, зерде, жаратылыс, қасиет мінез-құлық және барымта кепілге қою [8, 671-672-бб.] деген мағыналы сөз. Ал, үшінші құрамдағы иероглиф – ле-лей деп те оқылады, айтарымыз аталмыш түсіндірме сөздікте «Ле» ге: 1) ат басын тарту, тізгін ірқу, тоқтау, 2) тежеу, мәжбүрлеу, зорлау, бұйыру, әмір ету т.б. анықтама берсе, осындағы «Лей» оқылымына «байлау, буу, таңу, тарту деген анықтама беріліпті.

Міне, осыларды сарапқа сала ойланар болсақ, қытай орда бітікшілері түркеш қағандарының ат-атауларын түрік-түркеш халқының тіліндегі айтылымы бойынша қағазға түсірді деуге болмайтын сияқты. Өйткені, бұл ат-атаулардың қалай айтылып жазылғаны туралы нақты жазба дерегіміз жоқ. Сондықтан оны тарихшылар мен түркологтардың қалай құбылта (үшжеле-үшлік-иүзлүк Өжелі-Өгелі т.б.) баламалай аударғанында ешқандай тілдік немесе тарихи заңдылық жоқ екеніне көзіміз жетеді. Осыдан кейін «мағыналық аударма» жөніндегі ізденістеріміз басталды.

Жоғарыда жеке-жеке аудармасы берілген үш иероглифтің басын қоса топшылап көргенімізде жыл санауымыздың 630-682 жылдарындағы Батыс түрік қағандығы мен «он оқ бүдүнның» жағдайы өте мүшкілденіп қытайшыл «табғаш қағандар – қуыршақ қағандар» езгісінде торғайдай тозып, жемтік іздеген қарға күзғындай тентіреп кеткені тарихи шындыққа сәйкесетіндігі, кемеңгер Тонькөктің «Түрік халқы елдігін жойды, қағандығынан айрылды. Табғаш халқына бек ұлдары күл болды, пәк қыздары күң болды. Түрік бектері түрік атын жоғалтып, табғаш бектердің табғаш атын тұтынып, табғаш қағанына бағынды. Елу жыл ісін, күшін берді» [9]. – деп зарланатын 50 жылы болатын.

Осындай мүшкіл халде қалған «он оқ елінің» басын қосып, қуатты түркеш қағанатын құрып шыққан қағанды өз халқы түріктің қайсы марапат, мадақ сөзімен ұлықтағаны туралы нақты жазба дерегіміз болмаса да көк түріктердің тұңғыш билеушісін «ел қаған» деп атағанындай, кейінгі қағандардың біразының «ел етміш қаған. Ел теріш жабғу қаған, ел етміш Құтлұқ Білге қаған (İtimix guoatua iġa kahan). Шбара Теріш қаған болып аталуында ел билеудің дәстүр жалғастығы көрінеді.

Осы айтылғандарды назарда ұстай отырып, әрі қытайдың үш иероглифінен тұратын түркештің тұңғыш ел билеушісіне ат болып қалған У Жіле түркештердің «Ел теріш немесе Ел етміш Құтлұқ Білге қаған» деген мағынадағы аса қастерлі лауазымының мағыналық аудармасы ретінде қағазға түскен түрі деген болжам жасауға болады. Басқаша етіп айтар болсақ, шашырап, елдігінен айрылған, ұйымшылдығы жоқ «он оқ бүдүнды, ақыл парасатымен, зерделі мінез-құлқымен, сондай-ақ берекесіз тобырды күшпен мәжбүрлеп, әмір-пәрменмен тежеп ұстай алған Білге қаған дегеннің қытайша мағыналық аудармасы.

706 жылы қайтыс болған соң осы даңқты Білге қағанның тақ мұрагері Сақалдың Suo го – тікелей түрікше – Сақалды баһадүр деген сөз екенін қытай жазба деректері айғақтайтынын жоғарыда атап өткен болатынбыз. Әр ел тарихшылары әр кезде, әр қалай (Сағал, Саға, Сөге, Суого, Мохо) деп жазып келген бұл есім уақыт өте келе тіпті ру-тайпа және адам аты орнына да қолданылатын болған.

Ал, 708 жылға келгенде Сақал өзін «14 тайпалы елдің қағаны» деп жариялағанда, 709 жылдың басында Таң патшалығы да Түркеш қағанатын танитынын, Сақалды «Алып Білге чин хуа қаған» деп атап жазған.

Бұлардан шығар қорытынды – Сақал жеке адам аты емес, түріктік дәстүрлі мемлекеттік лауазым, әскери шен атауы екендігі, оған қытай жазба дерегі айғақ екендігі.

Біздің жоғарыдағы ой-топшылауларымызды одан әрі айқындай түсетін тағы бір әйгілі лауазым иесі болған Сүлүк – Су лу қағанның қытайша мағынасына қатысты болмақ, 711-715 жылдар аралығында қағансыз, иесіз қалып бұлғақ кезеңді

басынан өткерген «он оқ елінің басын қосып күдіретті түркеш қағандығы тағында 23 жыл салтанат құрған ел билеушісін таң орда бітікшілері қытай иероглифтерінен бастап таңбалайды. Мұндағы Su – иероглифінің Хан және Таң дәуіріндегі мағынасы – өліп-тірілу, өмірге қайта келу» қатарлы бес-алты қолданысы болған. Ал осы Су – Су дан кейінгі екінші иероглифтің Лу – Іу ертедегі қытай тіліндегі мағынасы бізді одан әрі ойлануға мәжбүрледі. Қытайдың жоғарыда аталған екі сөздігінде оған мынадай анықтама берілген: Лу – 1) бақыт, бақ, салым, маңдай, несібе. 2) ертеде мансаптыларға берілетін жалақы, еңбек ақы деген мағыналарда қолданылған» [10].

Аталмыш сөздіктердегі Su Іу иероглифтерінің алғашқы сыңарындағы Su – өліп-тірілу, өмірге қайта келу дегенмен екінші Лу – сыңарының бақыт, бақ, салым, несібе, маңдай деген мағынасын біріктіре талдар болсақ, 4-5 жылдық бұлғақ кезенді бастан өткерген «он оқ бүдүнның» біржола жойылып, елдігінен айрылу қасіретінен құтқарған қаһарман басшысын түркеш қағанын олардың өздері қалай атағаны туралы жазба дерегіміз болмаса да, қытай иероглифіндегі мағынасына жүгініп, өліп-тірілген, өмірге қайта келген елге бақыт, бақ-дәулет, мал несібе әкелген қаған деген түрік-түркеш сөзінің қытайша дәлме дәл, мағыналық аудармасы емес пе екен дегенге тоқтадық [11, 424-б.].

Ал, қытай тарихшысы Шуе Зүнжың «Ту Жье шы» атты кітабында «su bash» түрікше «Su Іiv» деп айтылады, ол адам аты емес, мансап аты, «Su» әскер, «Іiv» тұтас әскердің, армияның қолбасшысы дегенді білдіретін түрік сөзі. Қарахан дәуіріндегі Su baw дегенмен шендеседі деген анықтама береді. Бір кездері біз де соған ұқсас пікірде болғанбыз. Кейінгі ізденістерімізге сүйеніп осындай болжалдарға ерік бердік.

Жоғарыда атап көрсеткеніміздей сонау хүн-үйсін, қаңлы, бертіңгі көк түріктер мен түркештер, қарлықтар мен қарахандар дәуірінде қағандарға берілген атаулардың пайда болу, қолдану тарихына назар аударсақ та Сұлу адам аты емес, таққа отырған ел билеушісінің лауазымы екеніне күмәнданбаймыз.

Оған қосымша ретінде айтарымыз, Сұлудың қаған болғанға дейінгі әскери шені – Бес дулаттың Шеп тайпасынан шыққан, Түркеш алаш чор болатын. Чор түрік қағанаты тұсындағы тегін мен жабғудан кейінгі ең биік лауазым (ашиде тайпасына тән) еді. 634-жылғы реформадан былай қарай түркештің сол қанаттағы тайпа билеушілеріне берілетін әскери шен болды.

Сондықтан Түркеш қағанаты тұсындағы мемлекеттік лауазымдар мен әскери шендердің атауы Батыс Түрік қағанаты тұсындағы ат-аталымдарға ұқсай бермейтін. Алайда бұл жағдай тарихшылар мен түркологтар назарынан тыс қала беретін сияқты. Оның басты себебі ретінде біздің айтарымыз, «Күлтегін» (үлкен жазуда), «қағанын тұтқындадық, жабғысын, Шадын сонда өлтірдік» деген Тас жазу мәтініне негізделіп, түркештердің биік лауазымдары мен әскери шен атауларының қандай болғанына назар аудармағандығында жатыр.

Тарихи жазба деректерден белгілі болғанындай түркештердің мемлекеттік лауазымдары мен әскери шендерінде жабғу, шад дегендер болмаған. Керісінше 708 жылдан былай қарай түріктердің дәстүрлі билік жүйесін жаңғырта ағалы-інілі Сақал мен Жену елді үлкен-кіші хандыққа бөліп, чор, еркін, елтебер түтұқтар арқылы билеуге көшкен болатын. Білге Тоныкөк жердің шалғайлығы мен еларалық қарым-қатынастың оқшаулау болуына байланысты кіші хан, чор, еркін деген атауларға онша мән бермей өздерінің қолданыстары бойынша тас тақтаға түсірген болар. Көк түріктердегі «Инел қаған» – кіші қаған (сол тұстағы Қапаған қағанның үлкен ұлы) мен түркештердің кіші қаған – хан Жену» дегендердің атақ-дәрежелері шамалас екендігі анық.

Қорыта айтқанда тас жазулардағы өлтірілді делінген «Жабғу мен Шад» кіші қаған Жену және оның қол астындағы шолғыншы бөлімді басқарған чорлар мен еркіндер дегенге тоқталамыз.

Көк түріктер мен түркештердің тарихын зерттеген қытайдың бұрынғы және осы заманғы тарихшылары мен түркологтарының қолданысындағы мемлекеттік лауазымдар мен әскери шендер тізбегіне назар аударғанда ұлы хандық өктемдік көзқарас мәнделіп тұрады.

Академик Ә. Марғұлан Батыс түрік пен түркештерді билеуге аттандырған қытайшыл хандарды «Табғаш хандар» деп таңбалады. Себебі «...Бұл кезде Шығыс Түркістан мен Жетісу өлкесінде екі түрлі саяси бағыт болды. Бірі Таң мемлекетін жақтайтын «Табғаш хандар» сойы, екіншісі жергілікті халықтың мүддесін жақтайтын патриоттық күштер» [12, 98-б.] арасындағы күрес өршіп тұрған болатын.

Тарихшы Л. Гумилев бұл жағдайдың тарихи көрінісін «VIII ғасырдың орта шенінен былай қарай әулетті (Таң әулеті – Ә.Д.) қолдап тұрған Ашин тұқымына деген дәстүрлі сый-құрмет соңғы хандар өздерін қытайлықтардың сенімді малайы және өз халқының жаулары ретінде танытқандықтан, оларды бүтіндей сыйламайтын болды», - деп ашып берді.

Ал, біздің кейбір сенгіш, аңғал қазақ тарихшылары көтере мақтап жүрген Су Бейхай еш қысылмастан түрік халықтарының хандастығы мен елдік-мемлекеттік тұтастығы арасына сына қаға «табғаш хандарды» жақтап, түрік қағандары мен түрік халқы тағдырымен ойнағысы келеді.

Бұл қарастырып отырған түркеш қағандығына тән мемлекеттік лауазымдар мен шендерді қағазға түсірген қытай бітікшілері әдейі Қытай патшалығы тарапынан сырттай тағайындаған, ешбір нақты билігі де, әскери күш-қуаты да жоқ мансаптары бойынша атап жазушы еді. Сол жазба деректерін алға тартқан Су Бейхай былай дейді: «Бұл күндері еліміздің іші-сыртындағы Орта Азия даласы тарихы мен түрік тарихын зерттеушілер Түркеш қағандығын Батыс түрік қағанаты аясында қарастырып жүр. Бұл тарихқа сай келмейді. Өйткені, түркештер қазақ ұлтына тән тайпаларға жатады. Солар құрған қағандық, былайша айтқанда, қазақ ұлты тарихта бірінші рет құрған қағандық. Алтайдан Каспийге дейінгі ұлан байтақ қазақ даласын бірлікке келтірген... Түріктер құрған қағандық емес, - дей келіп Су мырза түркештердің толайым түріктерге туыстығы, этникалық тұтастығы болмағандықтан Таң патшалығы тарапынан түркештерді билеуге жіберіп тұратын Ашина ханзадalarını қабылдамай қарсы тұратындығының «...түпкі себебі – басқа емес, өздерінің (түркештердің – Ә.Д.) түрік текті болмағандығынан еді», – дегенді алға тартады. Профессорлардың бұл уәжі тарихи шындыққа мүлде сай келмейді «он оқ халқына» Түркеш қағанатын құрып, 74 жыл салтанат тағында отырған қағандар рухына құрметсіздік әрі саясиленген ұлы хандық астамшылықтан басқа еш нәрсе емес болатын. Оған қосымшалап айтарымызды «Күлтегін» (үлкен жазудағы) «Түркеш қағандығы түркіміз, өз халқым еді. ...Он оқ ұлын – Түргіс қағанынан мақраш таңбашы (бас уәзір дәрежелі ұлық – Ә.Д.) келді» деген тас жазу мәтінімен тиянақтағымыз келеді.

Бұларды неге қайталай төптіштеп отырған себебіміз, Қытай тарихнамаларындағы жазбаларға сенсек тәуелсіз Батыс түрік пен Түркеш қағандығы дегендер, олардың дербестігін кепілдендіру үшін бар ғұмырын сарп еткен қағандар мен чор, еркіндер, түтүктар мен бұйрықтардың лауазымдары мен шендік атаулары түгелдей қытайша, әрі қытай патшалары тағайындаған өкіл әкімдер деңгейлі қуыршақ мансаптылар болып шығады. Сондықтан өз тарапымыздан бейтараптық қағидасын ұстана отырып Таң патшалығы тағайындады делінген бірқанша лауазымдар мен шендерге талдау жасамақшымыз.

Түркеш қағанатының (692-766) тақ мұрагерлігіне Таң патшалығы сырттай тағайындаған лауазымдары мен шендік дәрежелерінің салыстырмалы анықтамасы

№	Өз аты	Алғашқы атақ-дәрежесі, шені	Қағандық атағы	Салтанат құрған жылдары	Таң патшалығы сырттай тағайындаған атақтары мен шендері
1	Белгісіз	Баға Тархан	Өжелі (у жы ле) Баға тархан қаған	692-706	1. Вен Лу аймағының уәліі 2. Бесбалық тұтығы 3. Хуайди жұнван (706 ж.) әдепті, моралді княз.
2	Белгісіз	Сақал Баға чор	Он төрт арыс елдің Алб Білге қағаны	706-711	1. Алб Білге Чинхуа қаған (708 ж.). 2. Шоу Жүң – адал, сенімді билеуші (708). 3. Алтын тау (Алтай) алдыңғы шеп армиясының бас өкілі.
3	Белгісіз	Сулу чор	Сұлу қаған	715-738	1. Оң қарулы қорғаушылардың бас сардары (717 ж.). 2. Шүн Гочүң (Елдескен төре) 718 ж. 3. Жүңшүн қаған (адал қаған) 719 ж.
4	Тоқсан	Тоқсан Күл чор	Түркеш қағаны	738-739	1. Үш түркештің жабағуы. 2. Сол қанат әскерлердің бас сардары (742 ж.).
5	Науа (Эр Вей)	Науа Тегін	Қара түркеш қағаны	738-739	Таң патшалығы оның қағандығын мойындамаған.
6	Белгісіз	Баға Тархан	Қара түркеш қағаны	739-744	Таң патшалығы армиясы қолға түсіріп, басын алған.

Таң патшалығы тарапынан тағайындалды делінген қуыршақ қағандар

1	Аты белгісіз	Тушы – ту ұстаушы	Жабғу	742	Думоду шуо шиежин – Бас ту ұстаушы күл еркін. Үш Арыс елдің жабағуы.
2	Күтлүк	Күтлүк Білге	Он тайпа қағаны	744-753	Ел Етміш Білге қаған
3	Аты белгісіз	тегін	Тіңрі ілмш қаған	754-756	
4	Аты белгісіз	Ата Бойла чор	Ата Бойла Білге қаған	756-766	
5	Ұйпа – и бо	Ұйпа қаған	Күтлүк Білге күлүк	749	Он тайпалы Түркеш қағаны

Таң патшалығының түркештерді билеу үшін арнайы тағайындаған әскери-өкімшілік құрылымдар

Жоғарыда да атап өткеніміздей. Таң патшалығы Көк түріктердің Шығыс және Батыс Түрік қағанаттарын өзіне бағындыра бастағалы, ол өңірді билеп-төстейтін тізгіндеуші аймақ, аудан, қала деген әскери әрі әкімшілік құрылымдарды көптеп құра бастады. Сонымен қатар, сол тізгіндеуші әскери-әкімшілікке қызмет етіп түріктерді басқаратын Ашина ханзадаларын алуан түрлі аты бар, заты жоқ қуыршақ мансаптар тағайындаушы еді. Академик Әлкей Марғұлан «Тәбғаш қағандар» деп атаған осынау сатқын қағансымақтар өз халқын орасан зор апаттарға душар етіп аяусыз қанады, қырды, тоздырды. Әсіресе Түркеш қағанатының жойылып кетуіне Таң орда әскерлерінің қолдауымен жасаған ондаған жылдарға созылған қанды қырғындар себепші болды.

Қытай орда жазбаларына негізделіп тарих жазатын Қытай қаламгерлеріне сенсеңіз, Батыс Түрік қағанаты, Түркеш қағанаты деген дербес мемлекет те, оларды билеген қаған дегендер де болмаған, тек Қытай үшін жан алып, жан беріп арпалысқан «адал қағандар, елдескен төрелер, шын берілген батыс шекарашылар» болып шығады. Қытайдың осы заманғы белгілі тарихшысы Шуе Зүнжың ол туралы былай деп жазады: «Таң хандығының Сары және Қара түркештерге ұстанған саясаты былай қарағанда сан құбылатын сияқты, алайда құбылып өзгеру деген тек сыртқы құбылыс, өзгермейтін ішкі мәні болатын. Ол саясаттың түп қазығы – Ашин әулетінен шыққан ханзадалар арқылы басқа түріктерді билеп-төстеу болатын. Ал осы саясат ақырында апатты зардаптарға ұрындырды».

Біз, осы бір ғылыми әрі тарихи түйінді сөзді Қытай отаршылдарының тұтас тарих бойындағы жаулаушылық саясатына қаратыла айтылған дұрыс сөз деп қабылдадық. Таң ордасы тағайындады делінген салтанатты қағандық-хандық атақ-дәрежелерден бас айналғандай. Алайда, сол әлем-жәлем атақ-дәрежелердің көбі сырттай, тіпті, ол қағансымақтар өліп қалғаннан кейін де беріле беретіні, бірақ «он оқ халқы» ешқашан құлшына қабылдай қоймайтыны белгілі.

Солай да Қытай орда жазбармандары патшаларының жарлық-бұйрықтарын тәптіштеп қағазға түсіріп отырғандықтан, әр дәуірдегі, әр ел тарихшылары мен түркологтары саналы-санасыз түрде (Қытай иероглифтерінің мағынасына мән бермей немесе түсінбей) өз зерттеулеріне пайдаланып, жұртты шатастырушы еді. Оның біразы туралы осыған дейінгі баяндарымызда атап өттік те. Енді тағы да нақтылай түсу үшін бірқанша «Тәбғаш қағандар» жөнінде тоқтала кетпекпіз.

1. Шиң Ши Ваң Ке Хан сі ше Төртінші әулет. Қайта өрлеген қаған деген қолпаш мәнсаппен он оқ елін бағындыруға Таң әскерін бастап шықса да, ойсырай жеңіліп Қытай қорғанына қашып барып жан сауғалайды.

2. Ал 704 жылы Асана Ху селоның ұлы Асана Хуай Дау адал-садық дегенді Жи Ваң Жуе қаған – таптырмас-табылмас қаған) қалың әскерінің қолдауымен Түркештерді билетуге патшайым У Зытян жарлық шығарды.

«Тәбғаш қағандарға» жапсырылған мұндай әлем-жәлем атақтар мен шендердің «он оқ еліне» пәлендей ықпал әсері болған емес, керісінше, оларды ел аумағынан қуып тастайтын, тіпті, Таң армиясының қолдап-қорғағанына қарамай, аяусыз жазалайтын. Жоғарыда аты аталған Ашина Шин (Таптырмас қаған)ды Құлан қаласында Баға Тархан басын кесіп, Қытайларды ауыр жеңіліске ұшыратқанын Қытай орда жазбалары анықтап жазған болатын.

3. Таң ордасы түркештер мен жалпы түркілерді өзіне бағындыру үшін, құлаққа жағымды естілетін әскери-әкімшілік атақ-лауазымдардың алуан түрін үйіп-төгіп алдарқату саясатын қолданушы еді. Сұлу қағанға берілді деген мансап-дәрежелерден көз тұнады: 1) оң қанат қарулы-айбатты Санғұн; 2) Шүн н Ваң, жөнге-ақылға келген хан-бек деген мағынадағы сөз, мұндай лауазым Таң патшасына бағынышты болды деген «Тәбғаш қағандарға» берілетін қолпаш атақ.

Шоу Жүң Таң патшасына Сақал қағанға қосымша-лақап ат ретінде қойған аты: адал, инабатты, тәртіпті деген мағына беретін бұл лауазым жазба деректерде

Сақал қаған дегеннің орнына қолданыла беретінін көреміз. Ал оның інісі Женуге Шоу Жие арлы, намысты арыс) деген қолпаш атақ берген. Жазба деректерде Шоу Жие де оның атының орнына қолданыла берген.

– Зуо Жин У Вей Да жияң жүн сол қол сырттай қорғаушы бас сангүн тұтқындағы Тоқсан Күлшорға Таң патшасы берген әскери шен.

– Да Даугуан Думоду Бас ту ұстаушы. Бұл арада қаған немесе хан ордасындағы туды ұстаушы – Кеңсе бастығы – уәзір мағынасында қолданылып тұр. Таң ордасы түркештердің арасын ашып бөлшектеу мақсатымен тушыларды хан ретінде қолпаштаған.

Түркеш қағанатын құраған «Он оқ бүдүңь» билеген ру-тайпаларға тән лауазымдар мен шендер:

Тұтастай алғанда VI-VIII ғасыр аралығында он оқ халқының этникалық құрамымен этноаумағында айта қаларлықтай өзгеріс болмағанымен елдің іші-сыртындағы геосаясаттың өзгерістеріне қарай билік жүйесінде, әскери-әкімшілік шендер аталымында да біршама ауыс-түйістер болғаны белгілі. Бұл туралы жоғарыда аздап айтылғанмен нақтыланбағанын ескеріп мынадай кесте арқылы мазмұндауды жөн көрдік.

№	Өз аты	Шыққан тайпасы	Алғашқы лауазым шені	Кейінгі атақ-дәрежесі	Билік құрған уақыты
1	Лүй	Чимойын Шуму күн	Чимойын тайпасының чоры	Чумукүн луй чор	Мұндағы жеке чорлар мен Еркіндердің билік құрған уақытына нақтылап айтуға мүмкіндігіміз болмаса да, 634 жылғы Батыс Түрік қағаны Шивара Хилаштың енгізілген бес Дулат, бес чор, бес Нүшпені бес Еркін билегені анық.
2	Күлүч	Қойлау-хулушы	Қойлау тайпасының чоры	Күлүч чор	
3	Тон	Ысты-шешы ти	Ысты тон чор	Тон чор	
4	Алаш	Түркеш-ту ши шы	Түркеш Алаш чор	Алаш чор	
5	Шопан	Жаньс-цзу ни шы	Жаньс Шопан чор	Шопан чор	
6	Күл	Азғыз-Аскіл	Азғыз күл еркін	Күл еркін	
7	Күл	Касо	Касо күл еркін	Күл еркін	
8	Тон	Барьсхан-Бо сайган	Барьсхан тон Ашбар еркін	Ашбар еркін	
9	Ни жуқ	Азғыр-Апи же Аскіл	Азғыр ни жуқ еркін	Нижуқ еркін	
10	Шопан	Касо	Касо шопан (чубан) еркін	Шопан еркін	

Зерттеу жұмысымыздың соңында Көк түріктер мен түркеш қағанаттары тұсында қолданылған бірқанша мансап-шен-лауазымдардың мән-мағынасы және олардың Қытай жазба деректерінде қалай жазылып келгені туралы айта кеткіміз келеді.

Ябғу-жабғу ежелгі түрік сөзі. Оны қытайлар Ие ху – түрінде таңбалап келді. Жабғу лауазым ретінде сонау Хүн қағанаты дәуірінде әйгілі Тұман (Шаннүй) қағанның мансабы ретінде де аталушы еді. Көк түріктер заманында қағандар мен оның ұлдарына берілетін болған. Батыс Түрік қағанатын билеген Естемидің қаған болғанға дейінгі атағы ябғу-жабғу еді. Сондықтан Естеми қағанның мұрагер ұлдарының лауазымына жабғу қаған дегенді қосып айту-жазу мақтаншыққа

айналып кеткен. Осыдан барып түркеш қағандары Естеми қаған өулетіне жатпаса да қағандық атақтарына Жабғуды қосақтап атауды мәртебе көрген. Біз өз зерттеулерімізде Батыс Түрік қағанаты мен Түркеш қағанаттарына қарасты ру-тайпалардың басым көпшілігі «Ж» мен сөйлейтіндігін ескеріп, «жабғу» деп жазуды жөн көреміз. Мәселен, Тоң жабғу қаған (628 ж.) Сы йе ху қаған – Ел Білге Ес жабғу қаған. И Би Ша Боло Ие ху қаған Ел Білге Шпара Жабғу қаған. Дұна по жабғу дүн Аға, Түркеш қағандарының екінші ұлдарына берілетін атақ, тақ мұрагері бола алатын дәрежесі бар, т.б.

Батыс түрік және Түркеш қағанаты тұсындағы мемлекеттік биік лауазымдар қатарында аталатын Жиес Ли фа – дегенді ұйғырлар Алб Елтебер деп, ал Қытайдағы қазақтар Елтебер деп аударған.

Қытай жазба деректерінде «Батыс өңірдегі біраз мемлекеттердің хандарына жиели фа (Елтебер) деген мәртебелі атақ берілген, сонымен бірге бір тұтық жіберіп олардың алым-салық жинау барысына бақылау жасайтын еді» [15]. Мұнда айтылған тұтық әскери қолбасшы, ал Елтебер әкімшілік қызметтегі жоғары шен иесі болса керек. Міне осылайша ұлан-байтақ қағанат аумағын қаған тағайындаған әр дәрежелі әскери һәм өкіл әкімдер арқылы билік қылған.

Біз сөз етіп отырған тақырыпмен айналысқысы келетін тарихшылар мен түркологтардың есінде болар өзекті мәселенің бірі. Арысы Хүн, үйсін, қаңлы, берісі Көк түріктермен Түркеш қағанаттары дәуіріндегі мемлекеттік құрылымдар мен әр дәрежелі мемлекеттік және әскери шендерді Қытай орда бітікшілері қалай хатқа түсіргенін, оны Қытай тарихшыларының қалай баяндап, қалай түсіндіргісі келетінін парықтай, саралай, нақтылай түсулері керек. Егер түрік халықтары құрған үлкенді-кішілі хандықтар мен қағанаттардың дәстүр жалғастығын нақтылап алмай тұрып, қытайлық қисын-қыңырға сын көзбен қарамай тұрып, тарих жазсаңыз ұлан-байтақ Азия құрлығында тек Қытай патшалары тағайындаған қағандар мен әскери қолбасылар билеген иеліктер, қуыршақ хандықтардан басқа ешнәрсе болмағанды әсерде қаласыз. Сөйтіп ұлы жүңхуа халықтарының бірі ғана екеніңізді дәлелдегендей боласыз. Сондықтан тарихты саясиландыруға, астам державалардың өктем тарихи ұстанымдарына баяғыша бей-жай қарай алмаймыз. Өйткені біз тәуелсіз Қазақстанның тәуелсіз тарихшылары екенімізді, әлемдік тарих сахнасында өз рөлімізді лайықты орындап шығуға міндетті екенімізді естен шығара алмаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Гумилев Л.Н. Хұндар. – Алматы: Қазақстан, 1988. – 528 б.
2. Лин Ган. Түрік тарихы. – Үрімжі: «Шынжаң» Халық баспасы, 2002. – 558 б.
3. Мыңжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. – Үрімжі: «Шынжаң» Халық баспасы, 1987. – 684б.
4. Көне Таңнама. Түріктер баяны. 92-орам
5. Қашқари М. Түрік сөздігі. – Т.3. – Алматы: «ҚАНТ» баспасы, 1998. – 556 б. – т.1. – 590 б.
6. Түң диан. 197-орам. Лин Ганның «Ту жуешы». – 558 б.
7. Жианмың гу хан нуй зы диян – Ертедегі Қытай тілінің қысқаша сөздігі. – Сы Шуан халық баспасы, 1995. – 8-реттік басылым. – 1044 б.
8. Ханзуша-қазақша сөздік. – Үрімжі: «Шынжаң» халық баспасы, 1989. – 5-басылым. – 1550 б.
9. Жолдасбеков М. Асыл арналар. 1990: Күлтегін (үлкен жазуы). – 7-8 қатар. – 348 б.
10. Гу ханнуй шаң юң зы зы диан – Ертедегі Қытай тілінде жиі қолданылатын сөздер сөздігі. – Бейжин, 1993. – 505 б.
11. Ертедегі Қытай тілінің қысқаша сөздігі. – Чыңду, 1995. – 1014 б.

12. Марғұлан Ә. Көне жыр-аңыздар. – Алматы: Жазушы. – 1985. – 180 б.
13. Шин жияң Дашуе Шуе бай // Үрімжі, 1987. – №3.
14. Шуе Зүңжың. Ту жеуе шы. – Бейжин, 1992. – 808 б.
15. Лин Ган. Ту жеуе шы. – Ішкі Монғолдың халық баспасы. Ху хе хот. 1988. –301 б.

References

1. Gumilev L.N. Hundar. – Almaty: Qazaqstan, 1988. – 528 b.
2. Lin Gan. Turik tarihy. – Urimzhi: «Shynzhan» Halyq baspasy, 2002. – 558 b.
3. Mynzhan N. Qazaqtyn qysqasha tarihy. – Urimzhi: «Shynzhan» Halyq baspasy, 1987. –684 b.
4. Kone Tannama. Turikter bayany. – 92-oram
5. M. Qashqari. Turik sozdigi. T. 3. – Almaty: Qanyt baspasy, 1998. –556 b.; – t.1. – 590 b.
6. Tun dian. 197-oram. Lin Gannyn «Tu zhueshy». – 558 b.
7. Zhiannyn gu han nuj zy dijan – Ertedegi Qytai tilinin qysqasha sozdigi. Sy Shuan halyq baspasy, 1995. – 8-rettik basylym. – 1044 b.
8. Hanzusha-qazaqsha sozdik. – Urimzhi: «Shynzhan» halyq baspasy, 1989. – 5-basylym. – 1550 b.
9. Zholdasbekov M. Assyl arnalar, 1990; Kultegin (ulken zhazuy). – 7-8- katar. – 348 b.
10. Gu hannuj shaң juң zy zy dian – Ertedegi Qytai tilinde zhii qoldanylatyn sozder sozdigi. – Beizhin, 1993. – 505 b.
11. Ertedegi Qytai tilinin qysqasha sozdigi. – Chyndu, 1995. –1014 b.
12. Margulan A. Kone zhyr-anyzdar. – Almaty: Zhazushy. – 1985. –180 b.
13. Shin zhiyan Dashue Shue bau // Urimzhi, 1987. – №3.
14. Shue Zynzhyn. Tu zhue shy. – Beizhin, 1992. – 808 b.
15. Lin Gan. Tu zhue shy. Ishki Mongoldyn halyq baspasy. – Hu he hot. 1988. –301 b.